

Әлім Ә.А., Ногайбаева Ж.А.,
Кұрманбаева А.Ә.

**Тәуелсіз журналистиканың
демократиялық қоғамдағы
орны**

Alim A.A., Nogaybaeva Zh.A.,
Kurmanbaeva A.A.

**The role of the independent
journalism in the democratic
society**

Алым А., Ногайбаева Ж.А.,
Курманбаева А.
**Роль независимой
журналистики
в демократическом обществе**

Мақалада журналистиканың қоғаммен қатар өмір сүріп, онымен әрқашанда қатар жүретіндігі айтылады. Қоғамның өзі демократияланған болса, журналистика да сол биіктен көрініп, оның белгілі бір дәрежеде қозғаушы қүші бола алғатындығы әлем тәжірибесінде дәлелденген болғандықтан, елімізде демократиялық қоғам қалыптасқаннан бері журналистикаға қояр талап та өзгерген. Мақалада авторлары демократияны басты құндылық ретінде шынайы өмірде орынқытуруға құш салуымыз – жаңаша дамудың кепілі екендігіне дәлдер келтіре отырып, журналистикада жаңаша дамуды алдымен журналистің өзінен, яғни, оның жаңаша ойлау машиғын қалыптастырудан бастаған жән екендігін баса айтады.

Түйін сөздер: демократия, плюрализм, плюралистік көзқарас, тәуелсіздік, әлемдік интеграция, жаңаша ойлау машиғы, сөз бостандығы, журналистика.

In the Article said that journalism connects with the society. If the society is democratic, Journalism is also democratic and the demand to the journalism is very big. In the article the author observed that democracy is a main value and journalist must be intelligent and think about innovation in journalism.

Key words: democratic, pluralism, pluralistic point of view, independence, world's integration, skills of new thoughts, freedom of speech, journalism.

В статье представлена тесная взаимосвязь журналистики и общества. Если общество демократическое, в таком случае журналистика является движущей силой, что было доказано на мировом уровне. В нашей стране сформировалось демократическое общество, благодаря развитию и, соответственно, повысились требования. В своей статье автор рассуждает о том, что необходимо приложить усилия для установления демократии, как основной ценности в современной жизни, мы должны предоставить гарантии на то, что развитие навыков в инновационных тенденциях должно происходить в каждом представителе журналистики, иными словами – формирование мышления.

Ключевые слова: демократия, плюрализм, плюралистические точки зрения, независимость, мировая интеграция, навыки нового мышления, свобода слова и журналистика.

**ТӘУЕЛСІЗ
ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ
ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ
ҚОҒАМДАҒЫ ОРНЫ**

Журналистика – маңызды әлеуметтік құбылыстардың бірі болып табылады. Онсыз қоғам өмірін көзге елестету мүмкін емес. Сонымен бірге, ол барлық уақытта қоғам өміріне араласа отырып, баға берумен, қорытындылар жасауымен, ұсныстар айтумен ерекшеленеді. Әсіресе, саясат, экономика, экология, қоғамдық-әлеуметтік қатынастар т.б. көптеген салаларда шешім жасап, игі істердің жүзеге асыруына ықпал етеді. Жалпы, журналистиканы қоғамның әлеуметтік институттарының бірі десек еш қателеспейміз.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігін алғаннан бері БАҚ саласында түпкілікті өзгерістер жасауға және одан басқа, әсіресе, өз назарын азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын заңнама тұрғысынан қамтамасыз етуге ұмтылып келе жатыр. Ең алдымен, бұл демократиялық қоғамның негізгі көрсеткіші ретінде дамыған, күшті үйімдасқан және БАҚ-тың тәуелсіздігін қажет екендігін айқын көрсетті. Яғни, бүгінгі күннің демократиялық қоғамына тәуелсіз журналистика керек. Бұл – заман талабы.

Қазіргі заманғы бүкіләлемдік саяси, экономика және рухани-мәдени жаһандану жағдайында журналистика әлемдік интеграциялық үрдістердің ішіндегі аса ықпалдысы болып табылады. Осыған байланысты, әлемдік журналистика бұрын-соңды болмаған дүmpуді басынан өткізуде. Журналистиканың белгілі бір елде, аймақта, тіпті, әлемдік ауқымда қоғамдық пікір қалыптастырып, ресми емес төртінші билік тармағы тұғырына көтеріле алатындығы, оның болашақтағы даму мүмкіндігінің бұдан да мол екендігін көрсетеді. Осыған байланысты, Авраам Линкольн: «Демократия дегеніміз халықтың мұддесінен туындалап, халықтың араласуымен жүзеге асатын басқару. Яғни мемлекеттік басқаруға халықтың қатысуы. Халық сайлаулар арқылы өкімет билігіне араласып, мемлекеттік органдар арқылы билікке ат салысады. (Депутат сайлау, референдумға қатысу т.б.). Міне, осындай жолдармен халықтық демократия пайда болады, халықтық басқару жүзеге асады. Халық өздері сайлаған депутаттар арқылы Парламенттің өкілеттігін пайдаланады. Сол арқылы ұсныс-пікірлерін өткізеді, мәселелерді шешуге ықпал етеді. Өз кезегінде депутаттар халық, яғни сайлаушылар алдында есеп береді [1]. Яғни, бұл – мемлекеттік басқаруға халықтың

тікелей қатысуы. Ал, халықтың сөзін сөйлейтін кім? Әрине, журналист. Осындай нюанстарды біз көп жағдайда ескере бермейміз.

Бұғынгі күні журналистиканы демократиядан бөліп қарау мүмкін емес. Демократиялық елдердегі журналистика салыстырмалы түрде өз міндетін атқара алғатын болса, тоталитарлық, авторитарлық елдердегі журналистика өзге билік тармақтарының қысымы салдарынан жүртшылықта шынайы объективті ақпарат жеткізу, шындықтың өнін айналдыру, бұрмалау құралына айналуда. Алайда, демократиялық мемлекеттерде қалыптасқан тәуелсіз журналистика ұғымының өзі толық мәнді тәуелсіздікті білдірмейтін шартты ұғым. Кез келген елде қандай да бір қаржатсыз және билік тармақтарының қолдауынсыз журналистика ісі дамымайды. Сондыктан, журналистиканың өз қызметін шын мәнінде дұрыс атқаруы әрбір елдің бұқаралық ақпарат құралдарының еркіндігіне кепілдік беретін заңдарының қабылдануына және олардың толық орындалуына байланысты. Сонымен қатар, дүниежүзілік журналистер қауымдастырылғаның өзара ынтымағы да маңызды. Бұл – демократиялық елдердегі журналистиканың әлемдік деңгейде көріну сипаты. Ал, біздің демократиялық елімізде тәуелсіз журналистиканы қалыптастырудың журналистиң рөлі қандай? Бұл сұраққа орай ең алдымен айтарымыз, тәуелсіз журналистиканы жасаушы журналистің алдымен жаңаша ойлау машығы қалыптасуы керек. Бұл – аса курделі де көп қырлы үдеріс. Ол әрдайым тұрақты өзгерістерге ұшырап отыратын қоғамдық құбылыстардың, өндірістік қатынастардың, экономикалық, сондай-ақ, сан қылы қоғам заңдылықтарының объективті шындығын танып білу негізінде жүріп жатады.

Жаңаша ойлау машиғы – қоғамдық қатынастар арасындағы өзара байланыстар шоғырын диалектикалық түрғыда бағалай білу қабілеттілігі болып табылады. Сондықтан, біз көптеген сәтсіздіктеріміздің айналамызыда болып жатқан құбылыстар мен өзгерістерге жедел үн коса алмауымызға, алдағыны болжауға қабілетсіздігімізге байланысты екеніне терең мән бермейміз. Нигилизмге бір сәт жол берудің қоғамдық санада жалпы жүрт мойындап отырган шынайы шындықтың өзіне екі ұдай көзқарастың қалыптасуына әкеліп соғатынын естен шығарамыз. Бұл жерде нигилизмнің көзқарастар плорализміне ешкандай қатысы жоқ екенін ескеру керек.

Жаңаша ойлайтын журналист қолынан шыққан әрбір материалдың тұтас алғанда шындық-ка негізделгеніне көнілі толып қоя салуы аздық

етеді. Журналист жаңаша ойлау негізінде әрбір әріптің, әрбір сөздің, логикалық жүйенің астарына терең үніле отырып, кәсіптік тұрғыда ой елегінен өткізуге тиіс. Қазір журналист сезінің құны барынша артып отыр, сондықтан, жалтақтықпен айтылған әрбір жалған сөз қауіпті екенін жадымызда сактаған жөн.

Журналистиң жаңаша ойлау машиғы – демократияның интеллектуалды негізі, оның толық-қандылығының негізгі көрсеткіші. Оның негізгі мақсаты- калың бұқараны, қоғамды жаңғыруға жұмылдыру. Демек, жаңаша ойлау машиғы қоғам мүшелерінің ұстанып отырған азаматтық позициясының өзекті сипаты болып табылады [2].

Қоғамның қайшылығы мен шарасыздығы үдең тұрған тұста – 1991 жылдың маусым айында қабылданған Баспасөз және басқа бұқаралық хабарлама құралдары туралы заңының атқарған қызметі туралы ерекше бөліп айту керек. Тұнғыш рет әлі Кеңес Одағы құламай тұрған шакта, сөз еркіндігіне екпін берілді. Еліміз цензураның жойылып, сөз бостандығының рухани жетістік ретінде өмірімізге қалыптасып, тәуелсіз ба-сылымдардың дүниеге келіп, сөз мәдениетінің, рухани санамыздың өсіп-өркендеуіне сол жолғы қабылданған заңының атқарған рөлі ерекше. Ол заң жарыққа шыққанда қоғамда, журналистер, жалпы – ойлау, жазу, сейлеу мәдениетімен, процестерімен байланысты қоғам наразылығын туғызған жок. Керісінше, әртүрлі қайшылықтардың басылуына септігін тигізді. Заң жарыққа шыққаннан кейін бір жылдың көлемінде 200-ден астам мемлекеттік емес, тәуелсіз басылымдардың дүниеге келіп, қоғамдық өміріміздің құрамады бөлігіне айналды. Ражды – сол мемлекеттік емес, бейресми тәуелсіз басылымдар қысқа мерзімде бұрынғы жүйені сынап, қажай беруден болашақта ұлтымыз кім болады, мемлекеттіміздің тәуелсіздігін нығайту жолдары қандай деген бағытта салиқалы әңгімеге бет бүрдү [3].

Баспасөз үшін аса қажетті болып табылатын 20-бапты сөз етпей болмайды. Неге десеніз, мұнда бұрынғы заңдарда жазыла бермеген өзгерістер бар:

«1. Сөз бен шығармашылық еркіндігіне кеппілдік беріледі. Цензураға тыйым салынады.

2. Әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуга және таратуға құқы бар. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясы болып табылатын мәліметтер тізбесі заңмен белгіленеді.

3. Республиканың конституциялық күрологияның күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіру-

ді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үйретуге жол берілмейді» [4].

Иә, осынау бапта келтірілген мәселелердің қай-қайсысы болса да өзекті екені тайга таңба басқандай болып шыққан. Шығармашылық еркіндігі баспасөз, тіпті басқа бұқаралық ақпарат құралдарына ауадай қажет екені екібастан белгілі. Әсіресе қазіргідей демократия заманында. Сондай-ақ «Цензурага тыйым салынады» деген сөздер де журналистердің көкейінде жүрген түйін болды. Бұған қоса цензура мен демократия бір қазанда басы піспейтінін уақыт көрсетіп отыр. Осылайша мәселенің мәнін ашып беру керек-ақ еді, сол миссия орындалған секілді. Айта кету керек, кеңестік кезде де «цензура жок» делінгенмен, ол орындалмай қалған арман еді. Айтылуын айтылғанмен, іс жүзінде бәрі де керісінше болғанын журналистер қауымы жақсы біледі. Енді фана баспасөз қызметкерлерінің жолы ашылып отыр.

Қазір әлемде мазасыздық та барын қай ел болса да көріп-біліп отыр. Бұл жайында Президент Н.Назарбаев Алматыда өткен үшінші Еуразиялық медиа-форумда былай деген еді:

«Бірақ аймақтағы қауіп-қатер жағдайында ымырашылдықтың киын екенін де көре білу керек. Біз түгілі, көп ғасырлық демократиялық дәстүрлері бар мемлекеттер де халықтардың қауіпсіздігін сақтау үшін миграциялық бақылаудан қосымша әлеуетті құрылымдар жасауға дейін, оку орындарында діни киімдер киоден банк жүйесіндегі қатаң бақылауға дейін, қару қүшін қолданудан ақпараттық цензураға дейінгі шектеулер қоюға мәжбүр болып отыр. Осының бәрі, өкінішке қарай, өмір шындығы, ал бұлар ымырашылдық соқпағынан алыс жатыр» [5].

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, қоғамнан бөлек журналистика болмайды. Қоғам мен журналистика бір-бірімен өте тығыз байланысты. Егер қоғам ала-кула болса, журналистика да дәл сондай болады. Дегенмен, есте болатын бір жайт, журналистер тек биліктін сойылын соғушы емес, халықтың атынан сөйлеуші. Халық көп. Әркімнің айттар ойы бар. Ендеши, оны кім жеткізеді. Әрине, тағы да журналистер жеткізеді. Міне, Ахмет Байтұрсыновтың баспасөз халықтың құлағы, көзі, тілі деп отырғаны осыдан туындаиды. Журналистиканың қоғамдағы тағы бір ерекше қызметі – ол атқаруышы билікті үнемі түрткілеп, оятып отырады. Айтатын кезінде ай-

тып, сынайтын кезде сынап та алуға құқылы. Ал, журналистика – биліктің ондай қитүркі әрекеттерді жасауына жол бермейді. Дамыған елдерде, зиялы ортада қоғамдық пікір бәрінен жоғары тұрады. Ол пікірден сол елдің билігі именеді, аяғын тартады. Ал, сол қоғамдық пікірді жарайтын, қоғамнан – билікке, я болмаса биліктен – қоғамға жеткізетін кім? Тағы да сол, журналистер. Міне, осыдан келіп, саясаткер, әрі публицист Э.Берк 1776 жылы баспасөзді «төртінші билік» деп атағаны бекер емес. Яғни, мейлі ол мемлекеттік басылым болсын, тіпті жекеменшік ақпарат көзі болсын, қай уақытта да тек халықтың атынан сөйлегенде фана өзінің қызметін толық әрі әділ атқара алады. Оқырманның сүйіктісі мен сүйкімдісіне айнала алады.

Қазақстанда сөз бостандығы бар екенін уақыт көрсетіп отыр. Бірақ, сөз бостандығы бар екен деп баспасөзді қалай болса солай пайдаланауга болмайды. Қазақ журналистикасы алдымен ұлттық идеологияға қызмет жасауы керек. Егер, журналистің өресі жетіп тұrsa, айқын дәлелі бар болса, неге айтпасқа?! Ондай ақпаратқа орын әрқашан болады. Сондықтан, жазылмай, айтылмай жатса – ол журналистиң кемшілігі. Осы тұрғыдан келгенде қазақ журналистикасы көштен қалып қойған жоқ. Қоғамда алып отырган лайықты орны да бар.

Осы тақырыпқа орай, «Kerey.kz» ақпараттық танымдық порталында жарияланған КР еңбек сінірген қайраткері, жазушы Дидахмет Әшімхан өз сұхбатында: «Осыдан біраз жыл бұрын Ресейдің белгілі бір қоғам қайраткері «Кімнің қолында БАҚ болса, билік соның қолында. Кеңестік кезеңде журналистика, шын мәнінде, төртінші билік дәрежесінде болды. Өйткені, БАҚ-пен, әсіресе, газеттермен санасытын. Әкім-қаралар да, халық та. Ол уақытта журналистерден қорқатын. Мәселе қорыққанда емес. Газет беттеріне шықкан сын материалдардан нәтиже шығатын. Ол уақытта журналистер еңбектерінің жемісін көрді. Ал, қазір ше? Қазір журналистика төртінші билік емес, тек қоғамдық пікірді қалыптастыруышы фана. Кеңестік кезеңде жазуға тыйым салынған тақырыптар болды. Мысалы балалар үйі туралы мақала жазбақшы болғанымда біраз кедергіге тап болдым. Ол кезде «бізде панасыз, бейшара балалар жок» деген пікір қалыптастырды. Ал, қазір кез келген телеарна зорлық-зомбылық, ұрлық, қылмысты жарыса хабарлайды. Оны көріп отырып өмірден түңіліп кетесің. Міне, демократияның атын жамылып, қоғамда келенсіз көріністерді көп

көрсету арқылы елді дүрліктіріп отыр. Журналистика қоғамды

Плюралистік көзқарас – пікірлерге билік құлақ асып, ескеріп отыруы тиіс. Оның арасалмалығын ажыратып, пайдалы іске арқау етуі жөн.

Осылайша ашық қоғамдағы сөз өз діттеген жерінен шықпақ. Демократиялық қоғамдағы еркіндік осылай жүзеге асады. Ашық қоғамның өзі сайып келгенде – демократиялық қоғамды мен-зейтінің айдан-анық.

Әлемге әйгілі жалпыға ортақ адам құқықтары жөніндегі Декларацияда былай деп жазылған: «Барлық адамның туылуы бостандықта болады және олардың ар-оқданы мен құқықтары бірдей»[7]. Міне, бұл қай ел, қай жерде болса да бұлжымайтын ереже. Мұны Біріккен Ұлттар Үйимі қабылдаган.

«Плюрализм» термині 1712 жылы философияда неміс Х.Вольфтың енгізген ұғымы.

Ашық қоғам құрып отырган Қазақстанда бұқаралық ақпарат құралдары бостандықта жұмыс істейді. Осыған байланысты, БАҚ-тың алға қойған мынандай – мақсат міндеттері бар:

1. Бұқарага бағыт немесе арнау. Яғни, барлық ақпарат мәселелері қоғамға, халыққа, көп-

шіліктің аудиториясына арналмақ, олармен тіке-лей байланыс орнатылмақ.

2. Бұкіл ақпарат көпшіліктің сұраныс қажеттілігін, талап-талғамын қанағаттандыру үшін берілмек.

3. Қоғамдың істерге байланысты әрі халық күткен мәселелерді белсенді позиция ұстаң, соған жүртты жұмылдыруға атсалысу болмак.

4. Көпшіліктің пайдалануына ақпараттың тиімді, қолайлы әрі арзан болуын қарастыру. Жұрт ақпаратты қиналмай қабылдайтында болуы керек.

5. Жұртшылықтың бәрі бірдей және тұрақты түрде ақпарат хабарларды алып отыруға мүмкіндік туғызу.

6. Қажет еткен жағдайда әркімнің ақпараттық өмірге қатысуына жол ашу т.б.

Қазіргі кезде қоғамдық сананы қалыптастыруда журналистиканың рөлі біреу ғана және ол әлдеқашан айқындалып қойған. Ол – проблемаларға қоғам назарын аударту, яғни тұрмыстық, әрі ұсақ проблемалар деңгейінде қалып қоймай, қоғамда болып жатқан салмақты да салиқалы, әлеуметтік маңызы зор мәселелерді көтере отырып, халыққа шынайы жеткізе білу.

Әдебиеттер

- 1 Аврамов Д. Профессиональная этика журналиста. – М., 1991.- 47.с.
- 2 Бекниязов Т. Демократиялық қоғам және баспасөз. – А., 2005. – 40. б.
- 3 Омарев Н. Қазақ журналистикасы. З томдық. – А., 2008. 1-том. – 350.б.
- 4 Прохоров Е. Журналистика. Государство. Общество. – М., 1996. – 37.с.
- 5 Назарбаев Н. Ғасырлар тоғысында. – А., 1996. – 23. б.
- 6 «Kerey.kz» ақпараттық танымдық порталы. Гүлназ Сатыбалдықызының Дидахмет Әшімханмен «Санасыз, арсыз журналист қылмыскерден де қауіпті» сұхбаты.
- 7 Садықұлы С. Қоғам және журналист. – Астана, 2000. – 51 .б.

References

- 1 Avramov D. Professional'naya etika zhurnalistika. – M., 1991. – p.47.
- 2 Bekniyazov T. Demokratiyalыk kogam zhane baspasoz. – A., 2005. – s. 40.
- 3 Omashev N. Kazak zhurnalistikasy. 3-tomdyk. – A., 2008. 1- Tom.- s.350.
- 4 Prokhorov E. Zhurnalistika. Gosudarstvo. Obshchastvo. – M., 1996. – s. 37.
- 5 Nazarbaev N. Gasylar togysynda. – A., 1996. – s. 23.
- 6 «Kerey.kz» akparattyk tanymdyk portaly. Gulnar Satybaldykyzynyn Didakhmet Ashchimkhanmen «Sanasyz, arsyz zhurnalist kylmyskerden de kauyptu» sukhbaty.
- 7 Sadykuly S. Kogam zhane zhurnalyst. – Astana., 2005. – б. 51.